**Хаттама № 1**

**«№44 «Үркер» балабақшасының МКҚК**
**«Сыбайлас жемқорлық деген не?» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың**
**хаттамасы**

**Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлық деген не?»**
Өткізілген күні:09.09.2023 жыл
Өткізілген түрі: дөңгелек үстел
Төрағасы: Ж.А.Сарсебаева
Хатшы: Н.Е. Казбекова
Қатысқандар: 20

**Күн тәртібі**

«Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен қалай күресу туралы қағидалары»
Кәсіподақ төрайымы:Ф.Т.Байешова

**Сөз алды:** кәсіподақ төрайымы Ф.Т.Байешова Жемқорлық (лат.Corruptio-сатып алу)-мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасалған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр.Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біңріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай қайсын да қатты алаңдататыны анық.
Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:
- қоғамның бақытты болашағын тежейді:
-елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;
-жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні туралы айтып өтті.

**Тыңдалды:** жас маман Айдарханова Э.А сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді.Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу мен қабылдау басымдық болуы тиіс екендігі туралы тоқталып кетті.

**Сөз алды:** балабақша педагог-психологы Өмірбек Нұрай сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп, үлкен мәселеге айналып жатқанын, әрбір азамат өз құқығын және барлық заңдарды жақсы білу керектігі жайлы айтып айтты.

## Шешімі:

1.Жас мамандармен өткізілген «сыбайлас жемқорлық деген не?» атт дөңгелек үстел қанағаттандырылсын деп танылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан қарай жандандырылсын.

Кеңес төрайымы: Ж.А. Сарсебаева

Хатшы: Н.Е. Казбекова